ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | № 14 (494) 28 желтоқсан 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

**КЛИНИКА-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ**

Үкіметаралық Өкілетті Кеңес төрағасы профессор, доктор Мухиттин Шимшектің бастамасымен Түркия Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен университетіміздің клиника-диагностикалық орталығы заманауи медициналық құралдармен жабдықталды.

2 бетте

**ПОРТУГАЛИЯНЫҢ МИНЬО УНИВЕРСИТЕТІМЕН МЕМОРАНДУМ ТҮЗІЛДІ**

Жақында Португалиядағы Миньо университетінің ректоры Риу Виейра де Каштру мырзамен ынтымақтастық орнату мақсатында екі жақты онлайн кездесу өтті.

3 бетте

**ТҮЛЕКТЕРДІҢ ӨМІРІНЕН БІР ҮЗІК СЫР**

Өнер мамандығының түлегі Ербақ Иманбайтегі мен Журналистика мамандығында білім алған Нұрбек Кеңесбай Павлодарда қызмет атқарып жүр.

4 бетте

**МЕНДЕ АРМАН ЕМЕС, АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТ БАР**

Университетіміздің магистранты Хамза Дидар Маратұлы - дзюдодан халықаралық спорт шебері (MSMK), Азия ойындарының чемпионы. 2007 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, әкесі Марат Фазиевпен бірге жаттыға бастайды.

8 бетте






Б.С.АБДРАСИЛОВ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті

*Құрметті әріптестер мен білімгерлер!*

*Сіздерді келе жатқан 2021 Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын!*

*Еліміз бірлік пен ынтымақтың арқасында өткенге салауат, болашаққа үміт арта отырып, тарих қойнауына аттанғалы тұрған бұл жылды да еңсерді. Түркі әлемінің рухани астанасы - Түркістан қаласы күннен күнге дамып, келбеті жаңарып жатыр.*

*Түркі жастарының ортақ оқу ордасына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне биылғы жылдың басында Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың Жарлығымен ерекше мәртебе берілуі білім ордасының маман даярлау бағытындағы игілікті істеріне жаңа серпін бергенін ерекше атап өтуге болады.*

*Жаңа жыл қарсаңында біз өткен кезеңді қорытындылай отырып, болашаққа жаңа міндеттерді жоспарлаймыз. Осынау ізгілікті жолда халық игілігіне адал қызмет ету баршамызға ортақ міндет болып табылады.*

*Сіздерге толағай табыстар мен кәсіби жетістіктер тілеймін!*

*Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, оң өзгерістер мен жаңа бастамалар жылы болсын!*

*Жаңа жылда жанұяларыңызға бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілеймін!*

*Жаңа жыл құтты болсын!*

## УНИВЕРСИТЕТІМІЗ QS РЕЙТИНГІНДЕ ЕЛЕУЛІ СЕРПІЛІС ЖАСАДЫ!

QS UNIVERSITY RANKINGS EMERGING EUROPE & CENTRAL ASIA

Университетіміз жыл сайын желтоқсанда жарияланатын беделді халықаралық үздік университеттер рейтингі — Quacquarelli Symonds (QS) Emerging Europe and Central Asia (EECA) University Rankings 2021 бойынша әлемдегі 400 университет арасында 175 орынға шықты. Соңғы жылдардағы атқарылған ауқымды жұмыстар нәтижесінде университетіміз әлемдік QS рейтингінде елеулі серпіліс жасады. Оқу ордамыздың өткен жылмен (211-орын) салыстырғанда 36 орынға көтеріліп, ең үздік 200 университет қатарына кірді. Бұл отандық университеттер арасында ең үлкен динамикалық өсу көрсеткіші болып табылады.

Quacquarelli Symonds әлемдегі беделді әрі ең жоғары рейтинг болып табылады. Бұл рейтингте ағымдағы жылы Шығыс Европа (Польша, Венгрия, Чехия, Румыния т.б.), Орталық Азия, ТМД, Балтық елдері және Түркиядан 400 университет Ұлыбританияның QS агенттігі тарапынан сарапталған. Өткен жылы бұл рейтингке 350 университет қатысқан. Сараптама университеттердегі білімгер мен оқытушы үлесі, ғылыми дәрежелі ОПҚ үлесі, шетелдік оқытушылар мен студенттер үлесі, академиялық репутация, жұмыс берушілердің пікірі, ғылыми жарияланымдар мен оларға жасалған сілтемелер, интернет ортасындағы белсенділік секілді көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

ЕСЕП

# ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ




**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егемендi ел болған күні. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай мерекелік концерттік іс-шара өтті.**

Университет президенті Болатбек Абдрасилов бастаған басшылық құрамы мерекелік шараны Мәдениет үйінің кіші залында сақтық шараларын сақтай отырып, оқу ордамыздың және қала ардагерлерімен кездесуден бастады. Кездесу барысында I вице-президент Женгиз Томар бұл күннің Қазақстан және Түркі әлемі үшін өте маңызды күн екендігін айта келіп Қазақ елін Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтады.

Шара соңында университет ректоры Б.Абдрасилов ардагерлерді Алғыс хатпен марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

Одан әрі мерекелік басты шара Мәдениет үйінің үлкен залында жалғасты. Еліміздің әнұранымен басталған шараға университет қызметкерлері, студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамы онлайн және офлайн қатысты. Университет президенті Б.С.Абдрасилов пен I вице-президенті Ж.Томар құттықтау сөз сөйлеп, еліміз үшін тәуелсіздіктің орны қашанда ерекше екендігіне тоқталды.

Сонымен қатар, оқытушы-профессор және бөлім басшылары, бірқатар қызметкерлер құрамы Алғыс хатпен марапатталды. Ал мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Онда ел рухын асқақтататын әуезді әндер айтылып, күй шертілді.

# Университет тарапынан қолдау көрсетілді

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдығына орай Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті басшылығы шаруашылық бөлімнің 100-ге жуық қызметкеріне және оқу ордамыздың жатақханаларында қашықтықтан білім алып жатқан шетелдік және жергілікті студенттерге азық-түлік таратып, әлеуметтік қолдау көрсетті.

Еліміздің Тәуелсіздігі мерекесінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті басшылығы оқу ордамыздың жатақханаларында қашықтықтан білім алып жатқан шет елдік және жергілікті студенттерге азық-түлік таратты. Студенттермен кездескен университет президенті Болатбек Абдрасилов, I вице-президент Ж.Томар білімгерлерді мерекелерімен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Одан өзге, қысқы сессияны жақсы тапсырып, үздік баға алуларына тілекші екендіктерін білдірді.

Сондай-ақ, ректор Б.Абдрасилов заманауи үлгіде жаңа үш жатақхана құрылысының басталғандығын айтып, студенттерді қуантты. Ал әлеуметтік көмек 100-ден астам студентке үлестірілді. Халықаралық университет бұған дейін де білімгерлерге барынша қолдау көрсетіп келеді.




# Клиника-диагностикалық орталығы жаңа медициналық жабдықтармен толықты

**Үкіметаралық Өкілетті Кеңес төрағасы профессор, доктор Мухиттин Шимшектің бастамасымен Түркия Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен А. Ясауи университетінің клиника-диагностикалық орталығы заманауи әрі өңірге аса қажетті медициналық құралдармен жабдықталып, маңызды дәрі-дәрмектермен қамтылды.**

Түркиядан келген керуенді университет ректоры Болатбек Абдрасилов, I вице-президент Женгиз Томар, клиника-диагностикалық орталығының бас дәрігері Осман Ажар мен клиника қызметкерлері қарсы алды.

Клиника-диагностикалық орталығына қолдау көрсетіп, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіп отырғандығын тілге тиек еткен университет ректоры Б.Абдрасилов Өкілетті Кеңес Төрағасы Мухиттин Шимшекке, Түркия Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне алғысын білдірді. Сонымен қатар, I вице-президент Женгиз Томар, Клиника-диагностикалық орталығының бас дәрігері Осман Ажар медициналық құрал-жабдықтардың маңыздылығына тоқтап, ізге тілектерін білдірді.

Клиникаға жеткізілген медициналық құрал-жабдықтарды атап айтсақ – желдеткіштер, инфузиялық помпалар, EKG, Ritim Holter, Aspiratör, Koter, Spirometri және жүктілікті бақылауда өте маңызды феталды мониторингтер, дәрі-дәрмектер мен 100.000 дана үш қабатты бетперде мен 10.000 дана комбинизон т.б заттар бар. Көмекке жіберілген медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектердің Түркістан халқының денсаулығы үшін зор септігін тигізетіні сөзсіз.




# ІЗГІЛІКТІҢ ЖАРШЫСЫ-ЖАСТАР

Қараша айының 28-29 жұлдыздарында Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы, «Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «ІЗГІЛІКТІҢ ЖАРШЫСЫ-ЖАСТАР» тақырыбындағы жастар арасындағы республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Турнирге оқу орнымыздың «Шаңырақ» клубтар координациясының маңынан құрылған «IKTU debate» клубының белді мүшелері қатысып жүлделі орындарға ие болды. Университетіміздің жаратылыстану факультетінің декан орынбасары Нұрлыбек Әбдімүтәліп жетекшілік еткен клубтың мүшелері Ағабек Атабек, Өтеш Алмас I орын, Баймұрат Алмас, Бахтияр Арман жүлделі III орынды иемденіп, «ACER», «Samsung» компанияларының техникалық құрылғыларымен марапатталды.



# ПОРТУГАЛИЯНЫҢ МИНЬО УНИВЕРСИТЕТІМЕН МЕМОРАНДУМ ТҮЗІЛДІ



**Жақында Португалиядағы Миньо университетінің ректоры Риу Виейра де Каштру мырзамен ынтымақтастық орнату мақсатында екіжақты онлайн кездесу өтті.**

Кездесуге Қазақстан Республикасының Португалиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дәулет Қасекенұлы Батрашев, оқу орнымыздың президенті Болатбек Абдрасилов, университетіміздің Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президенті Шолпан Есимова, Халықаралық серіктестік орталығының басшысы Малика Қалила қатысты. Онлайн кездесу барысында Болатбек Абдрасилов оқу орнымыздың тарихы мен жетістіктерімен таныстырды.

Онлайн жиында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Миньо университетінің Өзара ынтымақтастық туралы меморандумына қол қойылды. Меморандум шеңберінде екі университет арасында тәжірибе алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми мақалаларды бірлесіп шығару, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білімгерлер және оқытушылармен тәжірибе алмасу жоспарланды.

Миньо университеті 1973 жылы құрылған. Қазіргі таңда 20 мыңнан аса білімгерлері бар, олардың 2500 шетелдік студенттер. Ғылыми көрсеткіштері бойынша зерттеу университеті қатарына жатады және белсенді ғылыми-зерттеулер жүргізіледі. Білім алушылар контингентінің 34%-ы магистрант пен докторанттар. Португалияның өндірістік аймағында орналасқан Миньо университеті әлемнің 400-ден астам университетімен байланыс орнатқан беделді оқу орнының бірі болып табылады. Алдағы уақытта екі елдің университеттері арасында ғылыми байланысты арттыру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

# ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚОРЫ ЖАҢА ТАБЫЛҒАН ҚОЛЖАЗБАЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

**Түркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазбалар қоры бір бума қолжазба мен литографиялық кітаптармен толықты.**

Қолжазбалар Түркістан қаласы Ыштыхат мөлтек ауданы Юсупов көшесінің тұрғыны Абдухашым Абдусаттаровтың ауласындағы ескі үйді бұзған кезде табылған. Үй иесінің айтуынша бұл үйді сатып алған. Кейін 1977 үйді бұзған кезде ескі қамыс арасынан бірнеше көне еңбектер табылған. Оларды бүгінге дейін сақтап, 2020 жылы 20 қарашада Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері З.Муминоваға табыстаған. Қолжазбаларды сараптау кезінде қолжазбалардың парақтары түгел емес, литографиялық кітаптардың беттері толық сақталмағаны анықталды. Олардың қатарында «Сыр машық Муфрадат» тасбаспа (литография) кітабы 1899 жылы Ташкенттен шыққан. Келесі кітап «Жұма және никақ құтпалары» атты тасбаспа кітап 1900 жылы Ташкентте шыққан. Бұл кітаптың иесі мешіт имамы болуы мүмкін. Бұл кітап негізінен құтпа оқитын имамдарға ғана тән кітап.

Тағы бір қолжазба – 92 беттен тұратын Хикмет қолжазбасы. Бұл Ясауидың немесе шәкірттерінің қолжазбасы болуы мүмкін. Бұларды зерттеу алдағы уақыттың еншісінде.

Келесі еңбектер 100 беттен тұратын парсыша қолжазба мен Науаидің кітабы.

Осыларға қоса кітаптың қалың мұқабасына сақталған 40 бет шамасында көне өзбек тілінде жазылған ғазалға ұқсас қолжазба табылды. Қолжазба мазмұнына қарағанда қолжазба иесі перзентсіз өткен жанның зары мен мұңын жүрекпен жырлаған.

Әр кісінің ақылы болса мен ғәріпке жыласын,
Кімки фәрзәнт дағыда куйген жарандар жиғласын.
Бул менің көңілім учін, жаным анам деп жыласын
Еш пәндең раббона, фәрзантсыздық көрмесин
Һәр күнге жүз күлфат етіп айқардан ярып
Бір кулфат билан һәр күнде жүз мың өлмесін ярық...

Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары институт қорына жаңа қосылған қолжазбалардың алдағы уақытта ғылыми сипаттамасын дайындап, ғылыми айналымға ендірмек.

**Роза ЕСБАЛАЕВА,**
**Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері**

# «БАСЫЛЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖАЗУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ»

**Университетіміздің Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен «Цифрлық журналистика бағытындағы ғылым мен білім: әлемдік тәжірибелер және ұлттық құндылықтар» тақырыбында онлайн-конференция өтті.**

Жиын 80-нен астам ғылыми мақалалардың авторы, профессор Бекжігіт Сердәлінің 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылды. Конференцияны профессор, журналистикаға елеулі үлес қосқан үздік оқытушы Сейдулла Садықов жүргізді. Конференцияға университетіміздің басшылары, оқытушы-профессорлары мен студенттер, еліміздің жоғары оқу орындарының ұстаздары, жас ғалымдар, Өзбекстан мен Түркия мемлекетінің ғалымдары мен доктаранттары онлайн режимде қатысты.

Іс-шарада университетіміздің басшылары құттықтау сөз сөйлеп, әріптестері туралы естеліктерімен бөлісті. Конференцияда қоғамдағы медианың жаңғыруы, цифрлық журналистика бағытындағы білім мен ғылым, Сандық телевизияның ерекшеліктері мен болашағы жөніндегі мәселелер талқыланды. Жиын модераторы Сейдулла Садықов осы және жаңа бағыттағы өзге де мақалалар мен баяндамалар алдағы уақытта университет баспаханасынан жинақ боп шығатынын жеткізді. Бұл еңбек журналистика саласында қолданатын бірден-бір құрал болмақ.

Бекжігіт Кенжебекұлының журналистика саласын дамытуға қосқан үлесі мол екенін атап айтқан жөн. Профессор көп жыл бойы ұстаздық етіп, ғылыми еңбектер жазып, сонымен бірге талантты шәкірттер тәрбиелей білді.



# СТУДЕНТТЕРІМІЗ ВОЛЕЙБОЛДАН ЖЕҢІМПАЗ

**Оқу орнымыздың Спорттық сауықтыру орталығында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының бастамасымен, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен тұңғыш рет өткен Волейболдан ерлер арасында Қазақстан Студенттер лигасының V тур ойындары қорытындыланып, марапаттау рәсімі өтті.**

Жиынға оқу орнымыздың «Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері жөніндегі» вице-президенті Ә.Әбуов, «Рухани жаңғыру» және тәрбие департаментінің директоры Л.Динашева, спорт жанашырлары және оқу орнымыздың спортшылары қатысты.

Бұл спорттық сайыс Қазақстанда студенттер арасында волейболды дамыту, студенттер құрамасын анықтау, жоғары оқу орындарының спорт клубтары арасындағы серіктестікті дамыту және байланыстарды дамыту, ЖОО студенттері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың Жолдауындағы «Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс» деген тапсырмасын орындау мақсатында 2020 жылдың ақпан айында басталған болатын.

Жарысқа Қазақстанның жоғары оқу орындары арасынан Д.Серікбаев атындағы ШҚТМУ (Өскемен қ.), Қызылорда қаласынан Қорқыт ата ҚМУ, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ (Түркістан қ.), Silkway Халықаралық университеті (Шымкент қ.), Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ.) командалары қатысты.

Бес турдан тұратын жарыс, COVID-19 инфекциясының таралуына байланысты II,III және IV тур ойындарына шектеу қойылған еді. Жарыс нәтижесінде Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ спортшылары I орын, Қызылорда қаласынан келген Қорқыт ата ҚМУ II орын иеленсе, III орынға Өскемен қаласынан келген Д.Серікбаев атындағы ШҚТМУ тұрақтады.



## СТУДЕНТТІК ЖАЗБАЛАР

# «ҮЙІРМЕ ҮЛКЕН ӨНЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ»

**– дейді университетіміздің түлегі, айтыскер ақын һәм ұстаз Тұрар Тілеулиев.**



**- Тұрар аға, ақын болу бала кездегі арманыңыз ба? Ақындық жолға қалай келгеніңізді айта кетсеңіз?**

-Атқа мінген әрбір қазақ екі ауыз өлең құрай алады. Бала кезімнен теледидардан Мұхаметжан, Бекарыс, Оразәлі, Балғынбек, Дәулеткерей ағаларымыз сияқты бірсыпыра ақберен ақындарымыздың айтыстарын тыңдап өстім. Онымен қоса менің үлкен атам Дүйсенбінің бойында ақындық қасиет болған екен, әз әкем Сәрсенбай да өнерге жаны құштар адам. Менің айтысқа қызығушылығымды да біріншіден әкем Сәрсенбай оятқан. Ақындық өнер қаннан берілетін қасиетке ие деп білемін. Әкем айтысты қызыға тыңдайтын. Мен де сол кісіге қосылып айтысты құр жібермей көретін едім. 1998-99 жылдары еліміз еңсесін енді тіктеп, экономикалық қиындықтарды жеңіп келе жатқан кезең менің балалық кезіммен тұспа-тұс келді. Менің балалық шағым Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Талап деген ауылда өтті. №54 Жүсіп Қыдыров атындағы қазақ орта мектебінде білім нәрімен сусындадым. Балалық қызықтарым мен тәтті елестердің барлығы сонда тайға таңба басқандай қалды. Ол кездері теледидар көру түгілі, жарық мәселесінің өзі қиын заман болды. Ауылда бір үйде ғана аккумлятор мен теледидар болатын еді, айтыс болатын кезде барлығымыз жапа-тармағай сол үйге барып жиналып отырып айтыс көруші едік. Мектепте ұстаздарымыз мерекелерге арнап өлең шығар дегенде, әкем жазып берген 2 шумақ өлеңді өзім жазғандай мәз болып апарушы едім. Сондықтан, бірінші ұстазым – әкем деп толықтай айта аламын.

2007 жылы мектеп бітіріп, Түркістандағы Ахмет Яссауи атын-дағы Халықаралық қазақ түрік университетіне оқуға түстім. Бір күні сол жерде Бекарыс Шойбековтің ақындар тәрбиелейтін үйірме ашып жатқанын хабарландырудан көріп, сол үйірмеге бардым. Айтыстың арыстаны Бекарыс Шойбековті тек көгілдір экраннан ғана көріп, тыңдап өскен мен үшін бұл үйірмеге қатысу айтыс өнеріне үлкен даңғыл жол ашты. Сол ақындар сыныбында көптеген шәкірттермен бірге білім алдым, олардың арасында Қытай, Моңғолия басқа да елден келген қандастарымыз да бар еді. Сол кезде айтқан мына бір шумақ өлең есімде қалыпты.

Бабаларды теңейміз нар абызға,
Қасиет жыр қондырған санамызға.
Мен Жаңақорған болғанда бұл Түркістан,
Оншалық қашықтық жоқ арамызда.
Шәкірт болсам деп келдім мен де бүгін,
Беделді Бекарыстай ағамызға.

деген шумақты айтқан ем. Міне, осыдан бастап ақындыққа бет бұрып, өнер қудым. Сол кезде қатысқан 30-40 ақындардың ішінен мен ғана әлі күнге дейін Бекарыс ағамыздың жанында келе жатырмын.

**–Әр өнердің ішкі құпиясы бар. Ақындар арасында өзара келісушілік туралы әнебір жылдары қоғамда көптеген сын пікірлер айтылды. Сіз айтысқа шығардың алдында қалай дайындаласыз? Шаппа-шап айтысқа қалайсыз?**

– Қандай кәсіп болмасын өзіндік сыр құпиясы болатыны баршамызға аян, оған ешқашан көз жұмбаймыз. Десе де, ақындар келісіп айтысады дегенге өз басым келіспеймін, себебі айтыс өнері синккретті өнер. Сен мынаны айт мен мынаны айтамын дегенге сахнада сенің айтқаның бола бермейді. Себебі халықтың қолдауы ақындардың арқасын қоздырып мінез танытуы ол сахна сыртындағы келісімге ерік бермейді. Ақындық деген – пойыз жолдың рельсі емес тура жүретін, тікұшақ емес тура ұшатын. Бірақ бұл мүлдем дайындықты қажет етпейді деген сөз емес. Жауға шабатын батыр да бес қаруын сайлап дайындалатыны сияқты, ақындар да сөзін саптап дайындалады. Себебі мұнда халық сенен жақсы сөздер күтеді. Абай атамыз айтқандай: «Әннің де естісі бар, есері бар. Тыңдаушының құлағын тесері бар» дегендей халық бізден мағыналы сөздер күтеді, соған баға береді.

**– Қалай ойлайсыз, бүгінгі айтыстың дамуы қай деңгейде? Өз функциясын атқарып жүр ме?**

– Қазіргі таңда айтыс өнерінің қара нары, төл өнерді төрге сүйреп жүрген Жүрсін Ерман ағамыз екенін бүкіл қазақ мойындайды және құрмет тұтады. Айтыс сүйер қауымның барлығы мойындап қойған. Айтыс өз функциясын атқарып жүр ме? – дегенде, атқарып жүр деп айта аламын. Елдің татулығын, халықтың мұң мен зарын үкіметке жеткізе айту, қоғамдағы әртүрлі түйткіл мәселелерді, тіл мен діл мәселесін ақындарымыз әр айтыста көтеріп жырлап жүр, айтып жатыр. Бұл нәрселер әлі де айтыла береді. Өйткені ақынның алдына ешкім тосқауыл бола алмайды. Айтыс келешекте бұдан да жоғары деңгейге көтеріледі деп сенемін.

– «Бір ақынның сау болса тіл мен жағы, мың адамның айтылар мұң мен зары» дегендей халық сөзін сөйлеп жүрген ақындарымыздың бірісіз. Сіздің жүрек нені аңсайды? Көк дөнен көңіл нені көксейді?

Бұл сұрақтағы «Біздің жүрек нені аңсайды?» дегенге келер болсам, Отан-отбасынан басталады емес па, әрбір ер азамат отбасының тыныштығын, амандығын тілесе, тірегі болса, одан кейін Отан мәселесі қатар жүреді. Отанымыздың өркендеуі, тәуелсіздігіміздің мәңгі болуы, ұрпақтар сабақтастығы, дәстүр жалғастығы дегендей, бабадан қалған өнерді балалар жалғап жатса одан артық қандай арман керек. Бұл мақсатта өзімнің де жасап жатқан жұмыстарым бар. Мен қазіргі таңда «Өнер мектебінде» директорлық қызмет атқарамын. Өзім ұстазға шәкірт болып жүріп, қолымнан келгенше шәкірт тәрбиелеп жатырмын. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, талантты жас түлектерді тәрбиелеп жатырмыз. Бұл мектепте айтыс өнерімен қоса дәстүрлі ән-жырларымыз, термелеріміз, қос ішекті домбырадан күмбірлеп төгілген күйлеріміз барлығын ұстаздар арқылы шәкірттерімізідің бойына сіңіріп жатырмыз. Көңілім жастарға дәстүрлі мәдениетімізді мұра етіп қалдырсақ дегенді көксейді. Бұрын «Дауысы барлар ән салады» деуші еді, қазір аузы барлар ән салатын заманда, эстраданың төрге шыққан кезеңде дәстүрлі әндеріміз бен күйлеріміздің кенде қалып жатқаны шындық. Сондықтан келешек жастарымызға дәстүрлі өнерді терең насихаттау, бойларына сіңіру біздің мақсатымыз.

**– Сіздер кейде айтыста әзілдесіп отырып біраз жерге барып қаласыздар. Айтыс сахнаның арғы жағында жалғасып, бір-бірлеріңізге өкпе айтасыздар ма?**

-Жоғарыда айтып өткенімдей айтыс синкретті өнер. Ақындар сахнада әзілдесіп бір-біріне ауыр сөздермен айтып қойып жатады. Ол енді жеке бастың шаруасы емес қой. Ақындар әр өңірден келгендіктен облыс пен облыс арасындағы айтыстарымызда екі аймақтың кемшіліктері айтылады, ащы шындықтары жырланады. Деседе сол айтылған дүние сол сахнада қалады, өз басым бір-біріне өкпе артып жүрген ақындарды көрген емеспін, өйткені ақындық жолды таңдаған адам сөз құдіретін түсініп, осы жолға өзін түгелдей дайындап келу қажет. Өз басым әріптестеріме өкпе артқан емеспін, себебі бұл өнер, бұл сайыс, айтылған сөз сол сахнада қалады.

**– Оңтүстіктегі айтыскерлер шоғырының ауызбірлігі қандай? Ақындар ортасы қалыптасқан ба?**

–Ордалы оңтүстік елі нағыз ақын жыраулардың, тектілердің, батырлардың мекені, әр тасын түртіп қалсаң, тарихы сөйлей кететін киелі құт мекен. Бекарыс ағамыз – «Түркістанда тайқазан тұрған кезде, қазақтың несібесі таусылмайды» деп айтқанындай, Алла берген Түркістаны, Отырары, ордалы Оңтүстігімнен ақын шықпау мүмкін емес. Себебі, алдымызға сара жол салып кеткен Майлы мен Мәделі, Құлыншақтың өзін жыр алыбы Жамбылдың өзі ұстаз тұтқан, осындай тектілердің ұрпақтары осал болуға қақысы жоқ деп ойлаймын. Арғысы Айтбай Белгібайұлы, Ергөбек ақындарымыз салып кеткен іздер сайрап жатыр. Одан беріде Қанабек Сарыбаев аталарымыз және Тәушен Әбуова болса, айтысымыздың анасындай болған, халық ақыны Әселхан Қалыбекова анамыз бастаған Мұхтар Құралов, Әбдікерім Манапов, Сәбит Әбдірайымов, Бәрібай Оразымбетов, Жарқынбек Наушабеков, Ақмарал Леубаева, Кәрима Оралова, Анар Жаппарқұлова, Бекарыс Шойбеков, Маржан Есжанова осындай жақсылардың жолын қуған біздің ауызбіршілігіміз мықты болмай кімнің ауызбіршілігі мықты болсын. Біздің жақтың үлкен жақсы қасиеті жастар мен үлкендер деп бөлінбейміз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, қандай жағдай болса да бірге ақылдасып шешеміз, үлкендеріміз не дейді барлығымыз бір арнаға ұйысамыз. Қанша дегенмен «кеңеспен пішкен тон келте болмайды» деген ғой. Оңтүстіктегі төрт анамыз әр дайым жиын-тойдың көшін бастап қалмай жүреді. Алла қаласа біз жеңісті күндер мен жемісті күндерде де бірге боламыз деген үміттемін. Дені саудың жаны сау дегендей, оңтүстіктің ақындары тек айтыста ғана емес, спорт шараларында да жасыл алаңда бас біріктіріп отырады. Ұстазымыз Бекарыс Ақсақалұлы жастармен өзі қосылып, бәрінің басын қосып, доп теуіп үлкен жеңістерге бастап жүреді. Оңтүстіктің ақындары Қазақстанның кіші футболдан чемпионы атанған, күміс жүлдегер жеңімпазы, міне осылардың бәрі-бәрі оңтүстік ақындарының ынтымағының айғағы, осы берекенің қаймағы бұзылмасын деп тілеймін.

**– Айтыстарыңызды жинақ қылып шығару ойыңызда бар ма?**

–Бұл енді үлкен сұрақ. Алдағы шығармашылықты шындап, өз биігіне жеткенде ғана жеміс беретін дүние ғой. Бірақ ол барлық жас ақындардың арманы.

**– «Бұлақ та теңіз болғысы келеді» дегендей, сіздерге қарап өнер қуып, бой түзеп жүрген болашақ жас ақындар тәрбиелеп жатқан екенсіз, оларға қандай тәтті тілек насихат айтасыз?**

- Сұрағыңыз өте орынды. Мен жоғарыда айтып өткенімдей, 2009 жылы Түркістан қаласында Өнер мектебі ашылды, бұл мектепте ұстазым Бекарыс Шойбеков басшылық қызмет жасады. Университеттегі оқуымды тәмамдағаннан кейін, Өнер мектебінде ұстазыммен бірге шәкірт тәрбиелеу ісіне араластым. Түркістанда алғаш болып дәстүрлі бағытқа тәрбиелеуге айтыс, жыр, поэзия, терме, халық әні сияқты сыныптары ашылды. Қазір дәстүрлі бағыттың жандануына көптеген істер атқарып жатырмыз, оның дәлелі бірнеше шәкірттер тәрбиелеп шығардық және жыл сайын «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы» атты оқушылар айтысын өткізіп тұрамыз. Қалалық оқушылар айтысын облыстық деңгейге, одан кейін аймақтық деңгейге, кейін оны республикалық деңгейге көтердік, бізден қанаттанған шәкірттеріміз көптеген айтыстың жүлдегері атанды. Бастысы біз шәкірттеріміздің санына емес, сапасына баса мән береміз. Бұл еңбегіміз өз жемісін беріп жатыр. Мектебімізден Бақдәулет Қожанов, Нұрдәулет Өмірбек деген жас ақындарымыз білім алып шықты. Нұрдәулет Өмірбек деген шәкіртім қазіргі таңда Елордадағы «Шабыт» өнер университетінде оқиды. Еркебұлан Қайназаровқа шәкірт атанды. Студенттер айтысында көптеген жүлделер алды. Қазіргі кезде Тәңірберді Болат, Диханбай Ерсайын, Тасыбек Гүлмарал, Кемалхан Аружан деген шәкірттерімнен көп үміт күтемін. Дәстүрлі ән бағытында да біраз шәкірттер шығардық. Қазақстанның Халық әртісі Қажыбек Бекбосынов ағамызбен тығыз қарым-қатынастамыз. Бұл кісінің шәкірттері біздің мектебімізде өздері шәкірт тәрбиелеп жатыр. «Болам деген баланың бетін қақпа, бөлін бу» дегендей міне, қазіргі таңда болам деп тұрған шәкірттеріміз одан ары қарай тәрбиелеп, жетілдіріп жатқан жайымыз бар.

**- Жақсы, рақмет Тұрар аға сұхбатыңызға, алда сахнада талай жыр додасын еншілеңіз, Сізді әлі талай айтыс сахнасынан көремін деп үміттенем. Өнер жолыңыз даңғыл болсын!**

- Саған да рақмет, қарындасым! Шығармашылықтың шыңдарын бағындыра бер. Қаламыңның сиясы кеппесін.

**Сұхбаттасқан,**
**Құмаргүл Досанханқызы**
**ФЖК-011**

# ТҮЛЕКТЕРДІҢ ӨМІРІНЕН БІР ҮЗІК СЫР

**Әлеуметтік желі деген жақсы болды. Іздеген адамыңды тауып алasaң да өмірінің өзгерістерінен хабардар болып отырасың. Осылай фейсбукті ақтарып отырып Өнер мамандығының түлегі Ербақ Иманбайтегінің жазбасын көзім шалып қалды. Журналистика мамандығында білім алған Нұрбек Кеңесбай да Павлодарда екенінен жазбадан оқып білдім. Университет білімгерлеріне болашақта ой салар деген ниетпен Ербақттың жазбасын жариялауды жөн көрдік.**




«Солтүстікке көшу» деген оңтүстіктегі халық үшін «ақ қар, көк мұз жастану» немесе «елден безу» сияқты. Оқу бітіріп келген соң «суық жерде не бар?», «Ел арасында болғанға не жетсін?» деген секілді тосқауыл сөздерге кез болып, жарты жыл Талдықорғанда жүріп қалдым. Жәй жүрмедім, әрине. Білдей бір Облыстық театрдың (Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры) қатардағы актері болып жұмыс жасадым. Оқыған мамандығым бойынша тапқан алғашқы жұмысым болған соң еш қиындығы жоқ. Ел қатарлы өнерімізді көрсетіп, ортаға салдық. Өз бағамызды да алдық. Бірақ, «үйі жоқтың күйі жоқ». Аз уақытта күйіміз кете бастады. Балалар жас, отанасы жұмыссыз. Оқу бітіргелі екі жыл болғанмен мамандығы бойынша жұмыс табылмады. Резюмесін апарып, қанша мектептің есігінен көңілсіз шықты. Аудандық «Жұмыспен қамту орталығына» тіркелгенде «сіздің мамандық бойынша (Қазақ филологиясы) кезекте тұрған адам көп, сіз көп күтесіз...» деп шығарып салды. Бір күні отанасына хабарласыпты: «Аудандық акиматқа технишка керек, келіңіз, өтініш жазып кетіңіз» деп. Әйтеуір, «Жұмыс тауып бердік» деу үшін ғой...

Түркістанда актерлік мамандығы бойынша оқысам да, Қазақстанның халық әртісі Қажыбек Бекбосынов ағадан өнеге көріп, дәстүрлі әннен қосымша сабақ алған жайым бар еді. Тамаша болмаса да шамаша ән салатын қабілет бар. Диплом алып, ауылға тартып бара жатқан жолда Қажекеңе соға кеттім. Сонда

«Әй, бала, өмір көрген, өнердің ортасында жүрген ұстазың ретінде, жақын тартсаң әкең ретінде айтар ақылым, атыңның басын тура солтүстікке бұр. Естуімше сондай бір бағдарламалар бар дейді, қапы қалма. Өнерге сусап жатқан орта ғой. Бізден алған өнердің дәнін сонда апарып егіңдер. Ол жақ сен секілді адамдарға мұқтаж (Қазақшадан басқа тіл білмейтінімді айтып тұрғаны болса керек). Оңтүстікте сен секілді тоқсан тоғыз таз бар, өз орнын таппай, күн көріс үшін асыл өнерін де, өзін де тойтомалақпен қор қылып жүрген. Онда барсаң, тым болмаса қазақтың санан көбейтесің...» деп шығарып салған еді.

